

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

оқытушылар мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсы
«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуде кәсіби құзіреттілікті дамыту»
(Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мен мектепалды сынып педагогтарына
арналған)

Дайындаған «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к., доцент Н.Б. Есенова

Бағдарлама төмендегі нормативті құжаттарды ескере отырып әзірленген:

Тақырыптық - күнтізбелік жоспарды дайындауда 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодек <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>, «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343>, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>, Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>, Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>, Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020619>, Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513>

1. Жалпы ережелер

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы кәсіби құзіреттілік – педагогтің балаларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін білім, білік, дағды және жеке қасиеттерінің жиынтығы. Бұл құзіреттілік педагогтің кәсіби өсуін, шығармашылық әлеуетін және инновациялық қызметін жүзеге асыру қабілетін қамтиды.

«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуде кәсіби құзіреттілікті дамыту» оқу бағдарламасын әзірлеудің өзектілігі біліктілікті арттыру жүйесі мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілерінің кәсіби құзіреттілігін қажеттілігінен туындайды. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтардың кәсіби құзіреттілігін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуде кәсіби құзіреттілікті дамыуда баланың денсаулығын нығайтуға, салауатты өмір салтының ережелерін саналы сақтауды қалыптастыруға, бала ағзасының функционалдық мүмкіндіктерін жетілдіруге көзделген.

Бір жағынан, іргелі кәсіби білімдер мен нақты білім беру проблемаларын шешуге практикаға бағдарланған зерттеу тұрғысынан келудегі шығармашылықты кіріктіруге мүмкіндік беретін педагогтардың сапалы дайындығын қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуде кәсіби құзіреттілікті дамыту мазмұнын жаңарту талап етіледі:

Мектепке дейінгі ұйымда білім беру үдерісі қасиеттері мен мектепке дейінгі жастағы балалардың жаңартылған стандарттарына негізделген мектепке дейінгі ұйымының жобаланған мақсаттары білім нәтижелерін жиынтығы дәрежеде оқу үдерісіне қатысушылардың (балалар, тәрбиешілер, ата-аналар) және күту қажеттілігі ретінде қарастырылады.

Бағдарламаның жаңашылдығы гуманистік, көпмәдениетті, құзыретті тәсілдер байланыс пен тұтастықтан тұрады, олар тәрбиелеу, шығармашылық шаманың дамуы, заманға сай зерттеудің толық мүшесі ретінде баланың мойындауы оның негізгі тамыры болып табылады.

Гуманистік тәсіл жеке тұлғаның ерекшелігін мойындауға негізделеді, құндылық, мәдениетке жеке тұлғаны тарту болып табылады. Оқу үдерісінде бұл тәсіл тұлғаның білім алуда өзіндік аймағын өндіруге мүмкіндік береді, өздігінен білім алуға жағдай жасалады.

Құзыреттілік тәсіл білім беру аймағында бағдарлы-тәжірибелік білімге таңдау жасайды, сол арқылы табысты тұлға әлеуметтік бейімделеді. Бірақ, оқыту тәжірибесі көрсеткендей, бүгінгі таңда осы тәсілдерді тұтастандыру қажет. Осы тұтастандыру заманауи білімді жаңғыртуға ықпалын тигізеді.

Бағдарлама мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың заманауи талаптарына сәйкес педагогтардың білімін жетілдіруді, олардың кәсіби шеберлігін дамытуға жағдай жасауды көздейді. Кәсіби құзіреттілікті дамыту әдістері:

- Біліктілікті арттыру курстарына қатысу;
- Тәжірибелік тренингтер мен семинарлар;
- Заманауи педагогикалық технологияларды меңгеру;
- Кәсіби қауымдастықтарға қатысу;

- Өзін-өзі бағалау және рефлексия жасау;

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуде кәсіби құзіреттілікті дамыту – үздіксіз процесс. Педагог өзін-өзі жетілдіріп, жаңа білім мен дағдыларды игерген сайын, ол балаларға сапалы білім мен тәрбие беруге қабілетті болады.

1. ГЛОССАРИЙ

Кәсіби күзіреттілік – педагогтің білім беру үдерісінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін білім, дағды және жеке қасиеттер жиынтығы.

Күзіреттілікке негізделген оқыту – білім алушылардың өз білімдерін өмірлік жағдайларда қолдана білу қабілеттерін дамытуға бағытталған тәсіл.

Педагогикалық шеберлік – педагогтің кәсіби деңгейі мен тәжірибесін тиімді пайдалана білу қабілеті.

Педагогикалық технология – білім беру мен тәрбиелеу үдерісін ғылыми негізде ұйымдастыру әдістері мен тәсілдері.

Коммуникативті күзіреттілік – педагогтің ата-аналармен, балалармен және әріптестермен тиімді қарым-қатынас орната білу қабілеті.

Әдістемелік күзіреттілік – оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білу.

Рефлексия – өз тәжірибесін талдау, жетістіктер мен кемшіліктерді анықтау арқылы кәсіби дамуды жүзеге асыру.

Эмоционалды интеллект – адамның өз сезімдерін және басқалардың эмоцияларын түсіну, басқару қабілеті.

Креативтілік – педагогтің оқыту мен тәрбиелеу үдерісіне жаңашылдық енгізу қабілеті.

Инновациялық қызмет – жаңа білім беру технологияларын, әдістерін және тәсілдерін қолдану арқылы білім беру сапасын арттыру.

Психологиялық төзімділік – педагогтің күйзеліс жағдайларын жеңе білу және кәсіби қызметте эмоциялық тұрақтылықты сақтау қабілеті.

Құндылықтық бағдар – педагогтің жеке тұлға ретінде ұстанатын құндылықтары мен тәрбиелік қағидаттары.

Ақпараттық күзіреттілік – заманауи технологияларды, цифрлық ресурстарды және онлайн оқыту құралдарын тиімді пайдалана білу.

Өзін-өзі жетілдіру – педагогтің өзінің кәсіби және жеке даму бағыттарын анықтап, үздіксіз білім алу және өзін-өзі дамыту үдерісі.

Мотивация – педагогтің өз қызметін нәтижелі атқаруға, шығармашылық ізденіске және жетістіктерге ұмтылуға деген ішкі ынтасы.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту – білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру үдерісін ұйымдастыру.

Киберқауіпсіздік – қолданушыларды, олардың ақпараттық жүйелерін, желілері мен бағдарламаларын сандық шабуылдардан қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған қызмет

Мультимедиялық технологиялар - бұл ақпараттық және бағдарламалық құралдарды қолдана отырып, әртүрлі мәліметтер түрлерін дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну бойынша әрекеттерді жүзеге асыратын құралдар, әдістер жиынтығы.

Онлайн сервистері – бұл пайдаланушылардың интернет арқылы сұранысы бойынша жергілікті компьютерге жүктеместен және орнатпай-ақ белгілі бір әрекеттерді орындайтын бағдарлама.

Цифрлық білім беру ресурсы (ары қарай - ЦББР) – білім беру мақсаттарына арналған және цифрлық, электрондық, «компьютерлік» нысанда ұсынылған ақпарат көзі

Инновациялық оқыту – білім беру үдерісіне заманауи технологиялар мен жаңа әдістерді енгізу арқылы сапасын арттыруға бағытталған оқыту әдісі.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) – білім беру үдерісінде компьютерлік, мультимедиялық, интернет ресурстарын пайдалану әдістері.

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру ортасына кіріктіру жүйесі.

Педагогикалық диагностика – балалардың даму деңгейін, оқу жетістіктерін және тәрбие нәтижелерін анықтау үшін жүргізілетін бақылау, тестілеу және бағалау әдістері.

Әдістемелік қолдау – педагогтардың кәсіби шеберлігін дамыту үшін ұйымдастырылатын кеңестер, тренингтер, семинарлар және оқу-әдістемелік материалдар.

Кейс-әдісі – нақты педагогикалық жағдайларды талдау және шешу жолдарын іздеуге бағытталған оқыту әдісі.

2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік- құқықтық аспектілері	Жыл сайынғы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. Нормативтік-құқықтық құжаттар. ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі Тәрбие тұжырымдамасы зерделенген.
Модуль 2. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогтың кәсіби құзыреттілігі: мазмұны мен дамытудың негізгі бағыттары	Кәсіби құзыреттіліктің құрылымы және оның педагогикалық қызметтегі маңызы. Мектепке дейінгі білім беру педагогының кәсіби біліктілігіне қойылатын талаптар. Ұйымдастырушылық құзыреттілік және оның маңызы. Кәсіби құзыреттіліктің компоненттері: педагогикалық, психологиялық, әдістемелік, коммуникативтік, зерттеушілік құзыреттіліктер. Тұлғаға бағытталған оқыту және оның педагогтың кәсіби дамуына ықпалы. Педагогикалық шеберлік пен кәсіби дағдыларды жетілдіру әдістері. Заманауи педагогикалық технологиялар мен олардың мектепке дейінгі білім берудегі рөлі. Педагогикалық тәжірибе алмасу және кәсіби қоғамдастықтарға қатысу. Өмір бойы білім алу қағидаты және педагогикалық көшбасшылық. Ата-аналармен, әріптестермен, балалармен тиімді қарым-қатынас орнату жолдары. Мектепке дейінгі ұйымдағы

	әлеуметтік серіктестік пен ынтымақтастық мәдениетін қалыптастыру. Конфликтология ғылымы: негізгі бағыттары мен зерттеулері. Мектепке дейінгі ұйымдардағы қақтығыстарды шешу жолдары. Тренингтер мен семинарлар арқылы құзіреттілікті арттыру. Құзіреттілікті дамытудың диагностикалық құралдары
Модуль 3. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық технологиялар және олардың педагогтың кәсіби құзыреттілігіне ықпалы	Педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамытуда инновациялық технологиялардың рөлі. Құзыреттілікке негізделген оқыту және инновациялық әдістерді енгізу. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық технологиялар: түсінігі мен мәні. Дамытушы оқыту технологиялары және олардың педагог қызметіндегі рөлі. Ойын технологиялары және мектепке дейінгі білім берудегі маңызы. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) және цифрлық білім беру құралдары. STEM-білім беру және мектепке дейінгі балалардың зерттеушілік дағдыларын дамыту. Инклюзивті білім беру технологиялары және ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту. Мектепке дейінгі балаларға арналған қарапайым тәжірибелер мен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. Педагогикалық рефлексия және өзін-өзі дамыту дағдылары.
Қорытынды бағалау	«Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиешілердің кәсіби дамуы үшін жаңа технологияларды қолдану» постерлік презентация «Заманауи білім беру үрдістеріне сәйкес тәрбиешілердің кәсіби өсуі»: Кейс-әдіс (ситуациялық тапсырмалар) Кәсіби құзыреттілікті жетілдіру мақсатында рефлексия жүргізу.

3. МАҚСАТ, МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАНЫҢ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ.

Курс мақсаты: Мектепке дейінгі білім беру саласында жұмыс істейтін педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту, олардың заманауи педагогикалық технологияларды меңгеруін қамтамасыз ету және оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға бағытталған инновациялық әдістерді тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Курс міндеттері:

- Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту;
- Заманауи педагогикалық технологияларды меңгеру және қолдану;
- Тұлғаға бағытталған оқыту мен тәрбиелеу әдістерін дамыту;

- Педагогтың коммуникативтік және әлеуметтік құзыреттілігін дамыту;
- Педагогикалық диагностика және бағалау әдістерін меңгерту;
- Кәсіби өзін-өзі жетілдіру және үздіксіз даму дағдыларын қалыптастыру;
- Инновациялық білім беру технологияларын енгізу және практикада қолдану.

Курстың практикалық маңыздылығы:

Курстың практикалық маңыздылығы, ең алдымен, педагогтардың оқу процесінде жаңа білім беру әдістерін қолдану дағдыларын қалыптастыруын да көрінеді. Олар ойын технологияларын, жобалық оқыту тәсілдерін, STEM-әдістерін, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ), инклюзивті білім беру әдістерін және балаға бағытталған оқыту стратегияларын меңгеріп, мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу-тәрбие жұмысында пайдалануға машықтанады. Сонымен қатар, педагогтар балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамытудың тиімді жолдарын үйренеді.

Бұл курс педагогикалық қызметтің сапасын арттыру мақсатында тыңдаушылардың тәжірибелік білімін жетілдіруге бағытталған. Оқыту процесінде тыңдаушылар нақты педагогикалық жағдайларды талдап, оларды шешу жолдарын қарастырады, сабақ жоспарларын құрып, оны тиімді өткізу әдістерін игереді. Практикалық тапсырмалар мен кейс-стадияларды орындау арқылы педагогтар білім беру ортасында кездесетін түрлі проблемаларға кәсіби тұрғыдан қарауға дағдыланады. Сонымен қатар, олар кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтап, оны жетілдіру үшін қажетті педагогикалық диагностика әдістерін меңгереді.

Пәнаралық интеграцияны күшейту:

Пән аралық интеграцияны күшейту мектепке дейінгі білім беру процесінің сапасын арттыруға ықпал етеді және балалардың кешенді білім алуына жағдай жасайды. Бұл үдерістің тиімді жүзеге асырылуы үшін педагогтердің кәсіби дайындығы мен құзыреттілігі ерекше маңызға ие. Педагогтердің пән аралық интеграцияға дайындығы олардың заманауи оқыту әдістерін меңгеруімен, білім берудің әр түрлі салалары арасындағы байланысты түсінуімен және оларды тиімді қолдана алуымен тікелей байланысты.

Педагогтің пән аралық интеграцияға дайындығы, ең алдымен, оның өз саласына ғана емес, басқа да білім беру салаларына қатысты кең ауқымды білімге ие болуы мен анықталады. Бұл дегеніміз, тәрбиеші тек тіл дамыту немесе математика бойынша ғана білім беріп қоймай, осы пәндерді қоршаған орта, музыка, бейнелеу өнері, дене шынықтыру және басқа да бағыттармен байланыстыра білуі керек. Оқыту процесінде әртүрлі пәндер мен білім беру салалары арасындағы байланысты орнату арқылы балаларға бір тұтас білім беру жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік туады.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

- Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі кәсіби құзыреттілік негіздерін меңгереді;

- Заманауи педагогикалық технологияларды меңгеріп, тәжірибеде қолдана алады;
- Балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін тиімді әдістерді қолданады;
- Пән аралық интеграцияны жүзеге асырып, оқыту үдерісінің біртұтастығын қамтамасыз етеді;
- Педагогикалық диагностика және оқу нәтижелерін бағалау әдістерін игереді;
- Ата-аналармен және қоғаммен тиімді серіктестік орнатады;
- Кәсіби құзыреттілікті жетілдіру және өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастырады;
- Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің сапасын арттыруға үлес қосады.
- Тұлға аралық және кәсіби қарым-қатынаста дұрыс диалог жүргізу, сенімді қарым-қатынас орнату және жанжалдың ушығуын болдырмау дағдылары дамиды.
- жеке және кәсіби өмірде қақтығыстармен байланысты стресстік жағдайларды басқару және эмоцияларды бақылау қабілеті жетілдіріледі.

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ТАҚЫРЫПТАРЫ

Бағдарлама негізгі 3 модуль және қорытындыдан тұрады:

Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері.

Модуль 2. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогтың кәсіби құзыреттілігі: мазмұны мен дамытудың негізгі бағыттары

Модуль 3. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық технологиялар және олардың педагогтың кәсіби құзыреттілігіне ықпалы

Қорытынды. «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиешілердің кәсіби дамуы үшін жаңа технологияларды қолдану» постерлік презентация. «Заманауи білім беру үрдістеріне сәйкес тәрбиешілердің кәсіби өсуі»: Кейс-әдіс (ситуациялық тапсырмалар). Кәсіби құзыреттілікті жетілдіру мақсатында рефлексия жүргізу.

Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілер.

Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілер мектепке дейінгі білім беру саласын нормативтік-құқықтық тұрғыдан жетілдіруге бағытталған. Бұл құрылым білім беру ұйымдарының заңға сәйкестігін, тәрбие мен оқыту сапасының артуын қамтамасыз ету үшін жоспарланған. Білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды (ҚР Конституциясы, «Білім туралы» Заң, Мемлекеттік стандарттар, лицензиялау тәртібі) кезең-кезеңімен енгізу және меңгеру арқылы педагогтер мен басшылардың құқықтық сауаттылығын арттыру бағытталған. Бағдарламаның тақырыбы күтілетін нәтижелердің мақсаттар мен міндеттермен тығыз байланысын қамтамасыз етеді. Ол мектепке дейінгі ұйымдарда сапалы басқару мен құқықтық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді Модуль 2.

Модуль 2. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогтың кәсіби құзыреттілігі: мазмұны мен дамытудың негізгі бағыттары.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогтың кәсіби құзыреттілігі: мазмұны мен дамытудың негізгі бағыттары педагогтың кәсіби өсімін қолдауға арналған нақты мақсаттар мен міндеттерге сәйкес күтілетін нәтижелермен тығыз байланысты. Педагогтың кәсіби құзыреттілік компоненттерін (әдістемелік, тұлғалық, коммуникативтік, цифрлық) дамыту бағыттарын қамтиды. Біліктілікті арттыру курстары, тәжірибелік семинарлар, өзін-өзі бағалау және рефлексия арқылы жүзеге асырылады. Нәтижесінде педагогтың кәсіби құзыреттілігін мақсатты түрде дамытуды қамтамасыз етіп, білім беру сапасының артуына ықпал етеді етеді.

Модуль 3. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық технологиялар және олардың педагогтың кәсіби құзыреттілігіне ықпалы.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық технологиялар және олардың педагогтың кәсіби құзыреттілігіне ықпалы мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды тиімді енгізу арқылы педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған. Бұл құрылым мақсаттар мен міндеттерге сәйкес құрылған және күтілетін нәтижелермен өзара байланысты. Инновациялық технология түрлерін (STEM, info-tech, геймификация, QR-технология, смарт-педагогика) кезең-кезеңімен оқу процесіне енгізу жоспары мен практикалық қолдану жолдары қарастырылған. Нәтижесінде педагог өзін-өзі дамытушы, икемді, заманауи өзгерістерге бейім маман ретінде қалыптасады. **Қорытынды.** «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиешілердің кәсіби дамуы үшін жаңа технологияларды қолдану» постерлік презентация. «Заманауи білім беру үрдістеріне сәйкес тәрбиешілердің кәсіби өсуі»: Кейс-әдіс (ситуациялық тапсырмалар). Кәсіби құзыреттілікті жетілдіру мақсатында рефлексия жүргізу.

Тәрбиешілердің кәсіби дамуына арналған жаңа технологияларды (ақпараттық-коммуникациялық құралдар, интерактивті платформалар, цифрлық оқыту модульдері) жүйелі түрде енгізу жоспары қарастырылған. Тәрбиешілердің кәсіби дағдыларын жаңғырту, Заманауи білім беру құралдарын тиімді пайдалану, инновациялық орта қалыптастыру арқылы балалардың қызығушылығын арттыру міндеттерде тұрады. Нәтижесінде цифрлық сауатты, икемді тәрбиеші бейнесі қалыптасады. Өзін-өзі жетілдіруге ішкі мотивация артады.

5. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуде кәсіби құзыреттілікті дамыту» курсының оқу процесі теориялық және практикалық бөлімдерді қамтитын кешенді әдістемелік жүйе негізінде ұйымдастырылады. Бұл жүйе педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге, мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі заманауи әдістер мен технологияларды меңгеруге және оларды тиімді қолдануға бағытталған.

Оқу процесін ұйымдастыру барысында дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістері қолданылады. Тыңдаушыларға білім беру мазмұнын жүйелі түрде меңгеруге, оны практикада қолдануға және кәсіби дағдыларын дамытуға мүмкіндік беру үшін әртүрлі оқыту тәсілдері пайдаланылады. Курстың құрылымы интерактивті лекциялар, семинарлар, практикалық сабақтар, тренингтер, жобалық жұмыстар, шеберлік сыныптары, педагогикалық кейс-стадиялар және кәсіби рефлексияны қамтиды.

Оқу процесі модульдік негізде құрылып, әрбір модуль белгілі бір тақырыптық бағытқа сәйкес жүргізіледі. Тыңдаушылар мектепке дейінгі білім беру саласындағы кәсіби құзыреттіліктің негізгі аспектілерін, заманауи педагогикалық технологияларды, ақпараттық-коммуникациялық құралдарды және инновациялық әдістерді қолдану жолдарын меңгереді. Теориялық материалдар практикалық тапсырмалармен, топтық және жеке жұмыстармен, шығармашылық жобалармен ұштастырылады.

Курстың тәжірибелік бөлігінде тыңдаушылар нақты педагогикалық жағдайларды талдайды, ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарын құрады, оқыту әдістерін практикада қолданады және кәсіби рефлексия жүргізеді. Сонымен қатар, педагогтар балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамытушы ойындар, жобалық оқыту әдістері, STEM-тәсілдері және инклюзивті білім беру қағидалары негізінде оқу қызметін ұйымдастыру дағдыларын жетілдіреді.

Оқу нәтижелерін бағалау жүйесі тыңдаушылардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтау мақсатында жүзеге асырылады. Бағалау жүйесіне тесттер, практикалық тапсырмалар, жобалық жұмыстарды қорғау, педагогикалық диагностика жүргізу және портфолио жинақтау кіреді. Бұл әдістер педагогтардың кәсіби дағдыларын кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

Оқу процесін ұйымдастыру барысында педагогтардың өзара тәжірибе алмасуына, шығармашылық идеяларын бөлісуіне және кәсіби құзыреттілігін үздіксіз жетілдіруіне жағдай жасалады. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар мектепке дейінгі білім беру саласында заманауи әдістерді қолдану дағдыларына ие болып, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға үлес қоса алады.

Курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыптары	лекция	Семинар, тренинг, мастер-клас	Тестілеу	Барлығы
I	Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері		2		0
1.	Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы.2.09.2024ж.				

	https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416 Білім туралы Заңы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы/ http://irrd.kz/page/read/Zakony.html . Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031 .				
2.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030183 . Педагог мәртебесі туралы/ Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ/ http://irrd.kz/page/read/Zakony.html . Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы (DOCX 45 Kb)/ http://irrd.kz/page/read/Zakony.html .		2		
II	Модуль 2. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогтың кәсіби құзыреттілігі: мазмұны мен дамытудың негізгі бағыттары	0	10		0
1	Кәсіби құзыреттіліктің құрылымы және оның педагогикалық қызметтегі маңызы.				
2	Мектепке дейінгі білім беру педагогының кәсіби біліктілігіне қойылатын талаптар.				
3	Ұйымдастырушылық құзіреттілік және оның маңызы				
4	Кәсіби құзыреттіліктің компоненттері: педагогикалық, психологиялық, әдістемелік, коммуникативтік, зерттеушілік құзыреттіліктер.				
5	Тұлғаға бағытталған оқыту және оның педагогтың кәсіби дамуына ықпалы.		2		
6	Педагогикалық шеберлік пен кәсіби дағдыларды жетілдіру әдістері.		2		
7	Заманауи педагогикалық технологиялар мен олардың мектепке дейінгі білім берудегі рөлі.				
8	Педагогикалық тәжірибе алмасу және кәсіби қоғамдастықтарға қатысу.				
9	Өмір бойы білім алу қағидаты және педагогикалық көшбасшылық.		2		
10	Ата-аналармен, әріптестермен, балалармен				

	тиімді қарым-қатынас орнату жолдары.				
11	Мектепке дейінгі ұйымдағы әлеуметтік серіктестік пен ынтымақтастық мәдениетін қалыптастыру.				
12	Конфликтология ғылымы: негізгі бағыттары мен зерттеулері.		2		
13	Мектепке дейінгі ұйымдардағы қақтығыстарды шешу жолдары		2		
14	Тренингтер мен семинарлар арқылы күзіреттілікті арттыру				
15	Күзіреттілікті дамытудың диагностикалық құралдары				
III	Модуль 3. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық технологиялар және олардың педагогтың кәсіби құзыреттілігіне ықпалы	0	20		0
1	Педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамытуда инновациялық технологиялардың рөлі.		2		
2	Құзыреттілікке негізделген оқыту және инновациялық әдістерді енгізу.		2		
3	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық технологиялар: түсінігі мен мәні.		2		
4	Дамытушы оқыту технологиялары және олардың педагог қызметіндегі рөлі.		2		
5	Ойын технологиялары және мектепке дейінгі білім берудегі маңызы.		2		
6	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) және цифрлық білім беру құралдары.		2		
7	STEM-білім беру және мектепке дейінгі балалардың зерттеушілік дағдыларын дамыту.		2		
8	Инклюзивті білім беру технологиялары және ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту.		2		
9	Мектепке дейінгі балаларға арналған қарапайым тәжірибелер мен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.		2		
10	Педагогикалық рефлексия және өзін-өзі дамыту дағдылары.		2		
IV	Қорытынды бағалау		4		0
1	«Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиешілердің кәсіби дамуы үшін жаңа технологияларды қолдану» постерлік		2		

	презентация				
2	«Заманауи білім беру үрдістеріне сәйкес тәрбиешілердің кәсіби өсуі»: Кейс-әдіс (ситуациялық тапсырмалар) Кәсіби құзыреттілікті жетілдіру мақсатында рефлексия жүргізу.		2		
	Барлығы:	2	36		0

6. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

№	Тақырып	Сағат саны	Оқу түрі	Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
1	Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері	10 сағат	Лекция, семинар	Ғылыми-әдістемелік зерттеулер. Нормативтік-құқықтық аспектілері тізімі, әдістемелік нұсқаулықтар мен оқулықтар.
2	Модуль 2. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогтың кәсіби құзыреттілігі: мазмұны мен дамытудың негізгі бағыттары.	30 сағат	Практикалық сабақтар, тренингтер, мастер-класс,	Жобаларды жоспарлау және құрастыру үшін ұсыныстар, материалдар, кейс-стадиялар. Мультимедиялық презентациялар, видео-сабақтар.
3	Модуль 3. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық технологиялар және олардың педагогтың кәсіби құзыреттілігіне ықпалы.	30 сағат	Мастер-класс, практикалық сабақтар, тренингтер	Zoom, GoogleMeet, Microsoft Teams, Moodle қолдану. Интерактивті тақталар, онлайн контент жасау (Canva, Kahoot, Prezi). Мультимедиялық презентациялар
4	Қорытынды бағалау	10 сағат	Жоба жұмысын қорғау	Қатысушылардың жобаларын қорғау және бағалау критерийлері. Бағалау парақтары мен қадамдық нұсқаулар. Рефлексиялық жұмыстар

7. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Оқу нәтижелерін бағалау – «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуде кәсіби құзыреттілікті дамыту» курсы аяқтаған тыңдаушылардың меңгерген білімін, қалыптасқан кәсіби дағдыларын және олардың педагогикалық қызметке дайындығын анықтау үдерісі. Бағалау жүйесі педагогтардың теориялық білімін, практикалық қабілетін және оқу үдерісіне шығармашылық тұрғыдан келуін кешенді түрде сараптауға бағытталған.

Оқу нәтижелерін бағалау көп деңгейлі, кешенді және құзыреттілікке бағытталған тәсілдер арқылы жүргізіледі. Бағалау барысында әртүрлі әдістер қолданылып, тыңдаушылардың білім беру мазмұнын қаншалықты меңгергенін, оны тәжірибеде қалай қолданатынын және кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамытуға қаншалықты дайын екенін анықтауға мүмкіндік беріледі.

Бағалау әдістері:

1. Ағымдық бағалау – тыңдаушылардың әр модуль бойынша белсенділігі, тапсырмаларды орындау деңгейі мен өздік жұмыстарды орындауын бақылау арқылы жүзеге асады.

2. Практикалық тапсырмаларды бағалау – сабақ жоспарын әзірлеу, дамытушы ойындарды ұйымдастыру, жобалық жұмыстар жүргізу арқылы тыңдаушылардың педагогикалық дағдыларын бағалау.

3. Тест және бақылау жұмыстары – теориялық білімді тексеруге арналған тестілер мен жазбаша тапсырмалар.

4. Кейс-стадияларды талдау – нақты педагогикалық жағдайларды шешу қабілетін бағалау.

5. Жобалық жұмыс және портфолио – курсты аяқтау нәтижесінде тыңдаушылар педагогикалық тәжірибені сипаттайтын шығармашылық жоба немесе портфолио дайындайды.

6. Қорытынды рефлексия және өзін-өзі бағалау – тыңдаушылардың өздерінің кәсіби даму деңгейін бағалау және курстан алған тәжірибесі туралы ой толғау.

7. Кері байланыс және сараптамалық талдау – курс соңында педагогтардың кәсіби жетістіктерін талдау және болашақтағы даму бағыттарын анықтау.

Соңында тест тапсырады.

Тест нәтижелерін бағалауда бірнеше негізгі аспектілер ескеріледі:

Дұрыс жауаптар саны – тестілеудегі дұрыс жауаптардың пайыздық мөлшері.

Қиындық деңгейі – сұрақтардың жеңіл, орташа және қиын деңгейлерін ескере отырып бағалау.

Уақытты тиімді пайдалану – тестілеу барысында бөлінген уақытты қаншалықты тиімді пайдаланғанын анықтау.

Қате жауаптар мен олардың түрлері – білім алушының қандай қателіктер жібергенін талдау.

Тыңдаушылардың белсенділігін бағалау шкаласы

Бағалау түрі		Бағалау компоненттері	%	Балл	Қорытынды баға(%)
Сабаққа қатысуы		-	10	10	10
Қалыптас тырушыбағалау	Тыңдаушының белсенділігі (20)	Сабақтың әр түрлі кезеңдеріне қатысуы	5	5	40
		Топтағы басқа тыңдаушылар-мен өзара әрекеттесуі	5	5	
		Жауап беру дәрежесі / жеделдігі	5	5	
	Практикалық жұмыс(20)	Жаңа идеяларды / шешімдерді ұсынуы	5	5	5
		Тыңдаушының жеке/жұптық / топтық жұмысы (СӨЖ және қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындауы)	5	5	
		Кейстерді талдауы / жағдаяттық есептерді шешуі / сабақ үзінділерін құрастыруы / эссе			
	Жиынтық бағалау				5
Қорытынды тест			50	21-24	40

Балдарды бағаға ауыстыру шкаласы

бағ алау	Орындау % - дегі ауқым	ұпайлар
1	90%-100%	21-25
2	75–89%	20-17
3	50–74%	16-14
4	50% -ден кем	13-дан аз

8. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Курсты аяқтағаннан кейін педагогтарға олардың кәсіби дағдыларын жетілдіруге және мектепке дейінгі білім беру саласындағы инновациялық әдістерді практикада қолдануға мүмкіндік беру мақсатында курстан кейінгі қолдау жүйесі ұйымдастырылады. Бұл қолдау педагогтардың кәсіби дамуын жалғастыруға, жаңа білім беру технологияларын меңгеруге және оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыруға көмектеседі.

Курстан кейінгі қолдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Әдістемелік және ақпараттық қолдау:
 - Заманауи педагогикалық әдістер мен технологиялар бойынша жаңартылған оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету.
 - Электрондық кітапханалар мен дерекқорларға қолжетімділік беру.
 - Мектепке дейінгі білім беру саласындағы жаңа зерттеулер мен инновацияларды қамтитын ақпараттық хаттар, мақалалар мен нұсқаулықтар ұсыну.
2. Онлайн кеңестер және вебинарлар:
 - Педагогтарға оқыту және тәрбиелеу процесінде туындаған сұрақтары бойынша онлайн-кеңестер ұйымдастыру.
 - Белгілі бір тақырыптар бойынша тәжірибелі мамандармен вебинарлар өткізу.
 - Мектепке дейінгі білім беру саласындағы өзекті мәселелерді талқылау үшін педагогтар арасындағы интерактивті платформалар құру.
3. Тәжірибе алмасу және кәсіби қауымдастықтар:
 - Педагогтарды кәсіби қауымдастықтар мен серіктестік желілеріне тарту.
 - Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәжірибе алмасу мақсатында дөңгелек үстелдер ұйымдастыру.
 - Педагогтардың жаңа әдістерді енгізу бойынша өзара тәжірибе бөлісуін қамтамасыз ету.
4. Менторлық және кәсіби қолдау:
 - Жас мамандарға тәжірибелі педагогтар тарапынан менторлық қолдау көрсету.
 - Педагогикалық тәжірибені жетілдіру мақсатында кері байланыс беру және сараптамалық талдау жасау.

- Оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру үшін кәсіби бағыт-бағдар беру.
- 5. Жобалық және ғылыми-зерттеу қызметін дамыту:
 - Педагогтарға инновациялық жобаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға көмектесу.
 - Ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу мүмкіндіктерін ұсыну.
 - Педагогикалық тәжірибені жетілдіруге бағытталған гранттық бағдарламалар мен біліктілікті арттыру мүмкіндіктері туралы ақпарат беру.
- 6. Қайта даярлау және біліктілікті арттыру мүмкіндіктері:
 - Курс аяқталғаннан кейін қосымша біліктілік курстарына, тренингтерге және семинарларға қатысуға ұсыныстар беру.
 - Педагогикалық шеберлікті арттыру мақсатында сертификатталған бағдарламаларға қатысуға жағдай жасау.
 - Педагогтардың кәсіби дамуын жалғастыру үшін жаңа оқу бағдарламалары мен тренингтерді ұйымдастыру.

10. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Баймұратова Б.Тәрбиешілерге арналған әдістемелік құрал: Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
2. Бакшеева Н.И.Профессиональное развитие воспитателей в условиях STEM-образования. – Москва: Вентана-Граф, 2019.
3. Выготский Л.С.Педагогическая психология: развитие дошкольного воспитателя. – Москва: Педагогика, 1984.
4. ЕлеусізоваС. Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбиешілердің кәсіби біліктілігін жетілдіру әдістері. – Алматы: Рауан, 2016.
5. Әубәкірова З.М. Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021.
6. Зайцев Н.А.Игровые технологии в обучении детей дошкольного возраста. – Москва: Просвещение, 2005.
7. Кларк В.Робототехника и инженерия в дошкольном образовании. – Лондон: Routledge, 2021.
8. Құлжанова Н.Тәрбиешілердің кәсіби дағдыларын жетілдіру: тәжірибелік нұсқаулық. – Алматы: Атамұра, 2019.
9. Лутошкина Л.В. Диагностика профессиональной компетентности воспитателя. – Москва: Академия, 2014.
10. Мұқанова Б. Инновациялық білім беру технологиялары және тәрбиеші құзыреттілігі. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020.
11. Мұхамед Рахимова Қ.Қазақстандағы мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбиешілердің кәсіби даму стратегиясы. – Алматы: Мектеп, 2021.
12. Омарова Г.Мектепке дейінгі білім беруде ойын технологияларын қолдану. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2022.
13. Оразбаева Ф.Ата-аналармен жұмыс және тәрбиешінің құзыреттілігі. – Алматы: Мектеп, 2018.

14. Сарсенбаева Б.Тәрбиешінің шығармашылық қабілетін дамыту әдістері. – Алматы: Білім, 2020.
 15. Сейсенбаева М.Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі инклюзивті технологиялар. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021.
 16. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы: Ғылым, 2019.
 17. Фрадкина А.С. Инновационная педагогика: формирование профессиональных компетенций у воспитателей. – Москва: Академия, 2019.
- Қосымша цифрлық ресурстар:
1. www.nao.kz – Қазақстан Республикасының оқу-әдістемелік материалдары.
 2. www.ed.gov.kz – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің ресми сайты.
 3. www.stem.org – STEM білім беру ресурстары.
 4. www.montessori.org – Монтессори педагогикасының ресми платформасы.